



Қаржасова Гүлдана Батырбаевна,
PhD докторы, аға оқытушы Қазтұтынуодағы
Қарағанды Экономикалық Университеті

САЛЫҚТЫ ТӨЛЕУДЕН ЖАЛТАРУ ҚЫЛМЫСТАРЫНА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Еліміздің мемлекеттік бюджетін құрайтын түсімдердің ең басты көзі — салықтар. Сондықтан, мемлекетіміздің Негізгі Заңы — Конституцияда – «Занды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті» [1] деп белгіленуі салық-тардың ел, қоғам тұрмыс-тіршілігі үшін қаншалықты маңызды екендігін аңғартса керек.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі қоданыста болған он алты жыл ішінде талай сынақтардан өтіп, жалпы қылмыстылыққа қарсы тұрудың негізгі міндеттерін шеше алатындығын дәлелдеп келеді. Дегенмен, бүгінгі күні еліміздің қылмыстық заңнамасында арнайы «салық қылмыстары ұғымы» жоқтың қасы. Айтсақ та, бұл ұғымның қылмыстық-құқық ғылымында уақыт өте келе кеңінен қолданылуы жаңа серпілістерге қозғау салатындығы құптарлық құбылыс.

Салық қылмыстарын жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық көздейтін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 221 және 222 баптарының мазмұны басым көпшілігінде қылмыс деп танылатын әрекеттерді атап қана қояды да заң тұрғысынан мағынасы толық ашылмаған анықтамаларды құрайды [2]. Нақты қандай әрекет әрекетсіздіктер салық заңнамасын қылмыстық бұзған деп бағаланатындығы жөнінде анық айқындалмаған.

Заң ғылымында жалпыға бірдей танылғандай қылмыс — барша құқық бұзушылықтардың ішіндегі ең қоғамға қауіптісі. Салық қылмысы да сондай белгіге ие, олай болса, салық құқық бұзушылықтарының ішінде қайсысы анағұрлым қоғамға қауіпті? Олардың қайсысын қандай белгілер негізінде салық қылмыстары санатына жатқызуға болады? Деген сұрақтар туындайды.

Біздің пайымдауымызша, зерттеу нәтижелері

көрсеткендей, оларға тиісті салық және міндетті төлемдер сомаларын елеулі төлемеу жолымен мемлекеттің қаржылық іргетасына нұқсан келтіретін әрекеттер жатады.

Салыстырмалы түрде, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 16 Тарауында салық салу саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы көптеген нормалар бар [3]. Иә, жалпы әкімшілік құқық бұзушылық ұғымының анықтамасынан оның құқыққа қайшылық, кінәлілік және жазаланушылық белгілері байқалады да, оларды қоса алғанда салық қылмыстарының төртінші белгісі, яғни, қоғамға қауіптілік белгісі әкімшілік құқық бұзушылыққа тән емес.

Әрине, құқыққа қайшылық талданып отырған қылмыстардың формальді белгісі, ал қоғамға қауіптілік — материалдық белгі болып саналатындығын атап өтуіміз керек. Қылмыстық заң мемлекеттің қаржылық жүйесін қорғайтындығы ешкімнің күмәнін тудырмайды, себебі, мемлекеттің салық жүйесі қалыпты дұрыс жұмыс жасап мемлекеттік бюджетке салық төлемдерінің толық әрі өз уақытында түсіп тұруын қамтамасыз етіп тұрса, ол дегеніміз, мемлекеттің ойдағыдай дамуының негізгі кепілі. Сондықтан да, салық жүйесінің қалыпты жұмыс істеуіне қол сұғатын, оған елеулі зиян келтіретін әрекеттер мемлекеттің қаржы-экономикалық, одан әрі, Ұлттық қауіпсіздігіне қол сұғатын әрекеттер деп қарастырылады және де заңмен тыйым салуды, оны бұзушы адамға (адамдарға) мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану талап етілетін әрекеттер болып саналады.

Салық қылмыстарына қатысты еліміздің жүргізіп отырған қылмыстық саясатына тоқталып кету өте маңызды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат Тұжырымдамасына сәйкес, қылмыстық саясат мемлекеттің құқықтық саясатының маңызды буыны, қылмыстық құқықты одан әрі дамыту, бұрынғыдай, қылмыстық саясаттың қос векторлығын ескере отырып жүргізілу талап етіледі [4].

Біздің пайымдауымызша, салық қылмыстарына қатысты қылмыстық саясаттың негізгі мақсаты – мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Еліміздің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету – барлық мемлекеттік және басқа органдардың, мемлекеттік емес ұйымдардың мақсаты.

Конституциямыздың 1-бабына сәйкес, демократиялық құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам орнату бағыты бүкіл әлемге жарияланғандықтан, Қазақстанның барша құқықтық жүйесінің, сәйкесінше, мемлекеттік құқықтық саясатының басты мақсаты, ең алдымен, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, мемлекет пен қоғамның заңды мүдделерін қорғау, сақтаудың шараларын дайындау болып табылады [1].

Салық саласындағы қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы бағытталған мемлекеттік құқықтық саясатты жүзеге асырушы органдар және тұлғалар үшін осы мақсат құқықтық әрі рухани бағдар болуы тиіс. Заңдық тұрғыдан белгіленген тек осы мақсат қана жоғарыда аталған барлық органдар қызметінде басымдыққа ие болып, барлық күре-тамырына сіңіп, қызметтің нәтижесін айқындайтын мәні мен мазмұнына айналуы керек.

Салық қылмыстарына бағытталған мемлекеттің қылмыстық саясатының осы мақсаты қоғамда және мемлекетте басымдыққа ие болуын біздің жүргізген сауалнамалар нәтижелері де дәлелдейді.

Мысалы, қазіргі уақытта өз өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында салық қылмыстарына қарсы мемлекеттің қылмыстық саясаттың мақсатын сауалнамаға қатысқан соттардың 71,7 %, прокурорлардың 78,5 % және қаржы полициясы қызметкерлерінің 79,6 % осылайша ұғынады.

Негізінде қолданыстағы «Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2013 жылғы 27 ақпандағы № 1 нормативтік қаулысы салық заңдарының жекелеген нормаларын түсіндірудің қажеттілігіне байланысты қабылданған болатын [5].

Алайда, сот және тергеу органдары тәжірибесінде салық төлеуден жалтару қылмыстарын саралау барысында, жаза тағайындауда аталған Қаулыға сүйену тиімділігі мүлдем аз, тіпті жоқ деп те айтуға болады. Себебі, сот практикасында экономикалық қылмыстар тек «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы № 2 Нормативтік қаулысын ғана негізге ала сараланады. Тиісінше, бұл Қаулының мәтінінде салық төлеуден жалтару қылмысы жөнінде мәселелер қарастырылмаған. [6]

Бұл қаулыда салық төлеуден жалтару әдістері, тәсілдері мен механизмдері орын алу керек деп санаймыз.

Салықты төлеуден жалтару қылмыстарын туындататын басты факторларға (детерминаттарға), себептеріне салық төлеушінің қолданыстағы салық жүйесіне қанағаттанбаушылық көзқарасымен сипатталатын рухани-психологиялық жағдайы, құқықтық мәдениетінің таяздығы, сондай-ақ пайдакүнемдік ниеттері негіз болып отыр.

Мұнда салық заңнамаларының теңдік, тұрақтылық және алапықсыздық сияқты заңдылықтың жалпы қағидаларына сәйкессіздігі аңғарылады да еліміздегі заңдардың беделін түсіреді. Мұндай ахуал, қоғамымыздың ауыспалы кезеңнен батыл өтуіне байланысты, мемлекет тарапынан белсенді ықпал ету шараларын қажет етеді.

Шетелдік заңнамаларды салыстырмалы түрде зерделеу барысында олардың нормаларында көзделген оңтайлы нәтижелерді отандық тәжірибеге ендіру, аталған қылмыстың жасалуына әлеуметтік-экономикалық ықпал ету айырмашылығын нақтылау. Оның ішінде, салық төлеушілердің мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық институттарына деген сенімділік сезімін арттыру, оны жетілдіру, тиісінше салық органдары қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

Отандық криминология саласының іргетасын қалаушы, ғұлама заңгер Елеген Ізтілеуұлы Қайыржановтың пікірінше қылмыстарды ескерту – бұл қылмыс жасауға ықпал ететін себептер мен алғышарттарды құрықтауға және жоюға бағытталған әлеуметтік және құқық қорғау органдары, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар және жекелеген азаматтарды біріктіретін мемлекеттің қызметі. [7, 168б.] Ол өз мазмұны бойынша белгілі бір және

объективті сыртқы факторларға және жекелеген жеке адамдарға бағытталған әртүрлі шараларды (ықпал ету шараларының жүйесін) қамтиды.

Сондықтан да, салық төлеуден жалтарудың алдын алу мақсатында ақпараттық технологияларда түсіндіру іс-шараларын ауқымды қолдану қажет. Оның ішінде, салық төлемеушілер туралы мәліметтерді (салық төлемеген тұлғалардың аты-жөнін, заңды тұлғалардың атауын) қоғамдық орындарда, бұқаралық шалара өтетін жерлерде, көшедегі билбордтарда ашық жариялау тиімділігі де өз нәтижелерін берері айқын.

Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы — 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауына терең зер салып байқасақ, шешімі бүгінгі таңда және жақын болашақта тарқатылуы тиіс көкейтесті мәселелердің басым көпшілігі түбінде экономиканың ауадай маңызды саласы салық жүйесімен ұштасатындығын анық байқауға болады.

Мәселе, Президентіміз әділ атап өткендей, «мемлекеттің міндеті — осыған барлық жағдайды жасау», ал біздің міндетіміз ол «өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылу» [8].

Сонымен, тұжырымдай келе:

Салық төлеуден жалтарудың алдын алу үшін мемлекетімізбен жүргізіліп отырған қылмыстық саясат әлі де болса тиімсіз. Сол себепті еліміздің салық салу жүйесі қоғамдық қатынастардың дамуына орай мемлекеттік ресурстарды қалыптастыруда алдыңғы қатарлы орынға шығуы заңды нәрсе. Салықтар жалпы мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің бірден-бір қайнар көзі болғандықтан мемлекеттің салық жүйесінің үнемі тиімді жұмыс істеу қажеттілігін айқындауы керек.

Бүгінгі таңда Қазақстанда салық төлеуден жалтару қылмыстарын жасауға ешқандай да негіз жоқ. Қолданыстағы салық салу жүйесі оның негізгі талаптарына толыққанды жауап береді. Оның бір айғағы соңғы жылдары ішкі өнімнің артуы есебінен мемлекеттік бюджетке салық түсімінің көбеюі.

Сонымен қатар, бұрын соңды тарихымызда болмаған тағы бір маңызы өте жоғары игілікті іс — ол Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды жақсарту жөніндегі түбегейлі шаралар туралы» 2014 жылғы 27 ақпандағы № 757 Жарлығы. [9]

Аталған Жарлықты іс жүзіне нақты асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Бас

Прокурорының 2014 жылғы 2 сәуірдегі «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды жақсарту жөніндегі түбегейлі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 27 ақпандағы № 757 Жарлығын іске асырудың кейбір мәселелері туралы № 31 бұйрығы ерекше атап өтуге тұрарлық [10].

Өйткені, салық қылмыстылығының түп-қазығы қоғамдық қатынастардың басқа алаңдарында жатса керек. Ол дегеніңіз, ең алдымен, адамдардың құқықтық және салықтық мәдениетінің таяздығынан (мүмкін, жасанды), құқық қорғау органдары қызметінің жүйелі олқылықтарынан, салық қылмыстарын ескерту мәселелеріне қатысты мемлекет тарапынан жеткіліксіз көңіл бөлінуінен туындайтыны ашы шындық.

Қазақстанда салық төлеуден жалтару қылмыстары тікелей көлеңкелі экономика мен парақорлыққа ұштасатын болғандықтан, оларға қарсы ұйымдастырылатын іс-шаралар ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегиялық жоспарларда көрсетілуі тиіс. Бірінші кезекте көлеңкелі экономикаға қарсы басты мақсатты қалыптастырып, нақты дәрежесін анықтап, оны ең төменгі деңгейге жеткізу.

ҚР ҚК-інде көзделген салық саласындағы қылмыстар субъективтік жағынан тек тікелей ниетпен жасалатындығына қарамастан, тәжірибеде онсыз қылмыстық жауаптылыққа тарту мүмкін болмайтын қылмыс белгісі — кінәні — анықтау өте қиын. Күдікті адамдардың кінәларын анықтаудың бір жолы — тиісті салық құжаттары. Анықтау, тергеу және прокуратура органдары көрінеу қылмыс деректері бойынша кінәлілікті сол салық құжаттарының болмауынан дәлелдей алмайды. Сол себепті, салық құжаттарын түрлі жолдармен жойып жіберетін лауазымды адамдардың жауаптылығын қатаңдату керек.

Өкінішке орай, жағдай әлі де болса жан қынжылтытады. Еліміздің қазіргі уақыттағы салық жүйесі мәселелерінің ішінде салық салу саласындағы қылмыстылықтың жоғары деңгейі әрі латенттігі (жасырындылығы) елеулі алаңдатушылық тудырады.

Бұл қылмыстылық күрделі құрылымға, түрлі детерминаттар жүйесіне, өзінің тудырған көп қырлы кешенді қоғамдық қатынастар мен институттарына ие. Салықтық табыстары мен бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерді төлеуден жалтару тиісті объектілердің оларды салық органдарына төлеуден жалтару мақсатында жасырып қалуларынан көрінеді.

Салық саласындағы қылмыстардың негізгі ниеті адамдарды сол қылмыстарды жасауға итермелейтін пайдакүнемдік.

Осы мәселелерді саралай келе салық төлеуден жалтару қылмыстарының алдын алудың жалпы және арнайы шаралары құқық қорғау органдарына, оның ішінде, қаржы полициясына салық төлемеумен немесе мемлекет алдындағы

басқа да қаржылық міндеттемелерін орындамаумен байланысты қылмыстардың алдын алу, оларды анықтау және тергеу, сондай-ақ экономикалық тұрғыдан кешенді дамып келе жатқан мемлекетімізге залалдар келтіретін басқа да экономикалық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы күресу функцияларына елеулі септігін тигізері хақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда қабылданды. «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002737_.
2. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 167 Қылмыстық Кодексі. «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970000167_.
3. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі 2014ж 5 шілде №235-V ҚРЗ.
4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы. «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858_.
5. Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының 2013 жылғы 27 ақпандағы «Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы» № 1 нормативтік қаулысы. «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P130000001S>.
6. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы № 2 «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» Нормативтік қаулысы.
7. Каиржанов Е.И., Айкимбаев А.К. Проблемы борьбы с уклонением от уплаты налогов в Республике Казахстан: учебное пособие. – Алматы: Өркениет, 2000. – 168 с.
8. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2014, 17 қаңтар.
9. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды жақсарту жөніндегі түбегейлі шаралар туралы» 2014 жылғы 27 ақпандағы № 757 Жарлығы.
10. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 2 сәуірдегі «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды жақсарту жөніндегі түбегейлі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 27 ақпандағы № 757 Жарлығын іске асырудың кейбір мәселелері туралы № 31 бұйрығы.



Мақалада автор Қылмыстық заңнамадағы салықты төлеуден жалтару қылмысының өзекті мәселелері талқыланады.

Түйін сөздер: Қылмыс, салық, қылмыскер, салықты төлеуден жалтару, заңнама, жауапкершілік.

В статье автор рассматривает актуальные проблемы преступлений, связанных с уклонением от уплаты налогов в уголовной политике и уголовной законодательстве.

Ключевые слова: Преступление, налог, преступник, уклонение от уплаты налогов, законодательство, ответственность.

In the article author consider actual problems of crime associated with tax evasion in the criminal policies and criminal law

Keywords: *Crime, tax, criminal, tax evasion, law, responsibility.*

Гүлдана Батырбайқызы Қаржасова,

PhD докторы, аға оқытушы Қазтұтынуодағы Қарағанды Экономикалық Университеті

Салықты төлеуден жалтару қылмыстарына қарсы қылмыстық саясаттың өзекті мәселелері

Қаржасова Гүлдана Батырбаевна,

доктор PhD, старший преподаватель Карагандинского экономического университета Казпотребсоюза

Актуальные проблемы уголовной политики в отношении преступлений, связанных с укрытием от уплаты налогов

Karzhasova Gylana Batyrbaevna,

Dr. PhD, Senior Lecturer Karaganda Economic University Kazpotrebsoyuz

Important issues of the criminal policy with references to crimes related to shelter from taxes

